

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

**XX ҒАСЫРДАҒЫ ТОТАЛИТАРИЗМ ҚАСИРЕТІ.
АШАРШЫЛЫҚ, ТЕРРОР ЖӘНЕ РЕПРЕССИЯ
ТРАГЕДИЯ ТОТАЛИТАРИЗМА XX ВЕКА: ГОЛОД, ТЕРРОР И РЕПРЕССИИ**

АБАЙ, АЛАШ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ

Абдуразаков М.Ф.

тарих магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Отан тарихының қандай да кезеңі маңызды саналғанымен XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы еліміздің тарихында шешуші уақытқа айналғаны белгілі. Себебі, Ресейдің империялық саясаты, одан кейін кеңестік үкіметтің жүргізген реформалары қазақ жеріне, оның ішінде қазақ халқына ауыр тиді. Сондай қиын-қыстау заманда қазақ ұлты ішінен бірегей тұлғалар шыға бастауына ықпал етті. Ондай тұлғалардың еліміздің егемендікке қол жеткізуіндегі рөлі мен орны ерекше. ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік белестері» еңбегінде сол тұлғаларды келесідей бағалайды: «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресіп келді. Өзінің таңдаулы қасиеттерінің, қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілікте, келісім мен тату көршілікте тұруға деген ынта-ықыласының арқасында тарихтың тұңғығына батып кетпей, ондаған жылдардан кейін өзінің мемлекеттілігін қалпына келтіре алды. Өз басына түскен барлық қиындықтарға қарамастан туған халқының болашағын қамтамасыз етіп, тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен бостандық сүйгіш қасиеттерін сақтай білген бабаларымыздың көптеген ұрпақтарына құрмет көрсеткеніміз жөн. Осының бәрі, сайып келгенде, Қазақ мемлекеттігінің қайта қалпына келуіне қол жеткізді» [1, 148 б.]. Екі ғасыр тоғысқан уақыт ғылым мен білімнің жаңа арнаға бұрылып, ұлтымыздың ардақты тұлғаларының қалыптасуына алып келді. Отан тарихы көптеген ұлы, бірегей тұлғаларға толы. Қазақ тарихының қандай кезеңін алып қарасақ та, ұлттың мүддесі үшін қызмет еткен тұлғалар заманы болған бұл уақыт біздің ел болашағын анықтаған уақыт деп айтсақ қателеспейміз.

Мемлекетіміз Тәуелсіз атанғаннан соң Отандық ғылымдардың барлығында дерлік бетбұрыс орын алды. Тарих ғылымы да сондай бетбұрыстардан шет қалмады. Тарих ғылымының ішіндегі ерекше өзгешеліктер орын алған бағыт – тұлғатану болып табылады. Себебі «Тәуелсіздік» секілді киелі ұғымның арқасында бүгінгі таңда біз еліміздің ардақты ұлдары мен қыздарының ерліктері туралы жасқанбай айта ала аламыз, оларды зерттей аламыз.

Ғалым Ж. Артықбаевтың пайымдауынша тұлғаның тарихтағы орны туралы тарих ғылымының категорияларында «тарихи тұлға» емес, «тарихи заман» ұғымы ерекше орын алады. «Әр заманның бет бейнесіне дұрыс анықтама беру әлем тарихындағы бұрын-соңды болған оқиғаларды бағалаудың алғышарты, заманға берілген дұрыс анықтама тарихи уақыт шеңберінде тарихи процесстерге керекті кілт табуға мүмкіндік береді. Біріншіден, заманды, кезеңді, дәуірді бөліп көрсету – тарихты жазудың ажырамас шарты, екіншіден, кезеңдестірудің қабылданған кестесі, ол тіпті тым шартты болса да, тарихи ойлаудың ерекше түрін қалыптастырады. Вильям Грин атап көрсеткендей, «уақытты айырып көрсетудің барлық түрі классификаторлардың құндылықтарының айнасы екенін қашып құтыла алмайсыз». Бірақ «заманды түсінудің кілті - тұлғатануда» [2, 4-б.] деп әр замандағы ғұламалардың тұлғаның рөлін асқақтайтын атап өтеді.

Қандай бір халықтың белгілі бір тарихи кезеңінде әдебиеті мен өнері, оныңмәдени болмысы айрықша бір биікке көтеріліп, кейінгі өрлеу мен дамуға кең жол ашары сөзсіз. Отан тарихында сондай кезеңдердің бар екендігі күмән туғызбайды. Қазақ халқының руханияттық

дамуында осындай толағай өзгерістер мен ерекше серпілістердің көзге айрықша түсер сәті — XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы болып табылады.

Республиканың тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, егемен ел болуы төл тарихымызды жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. Осыған орай бүгінде еліміздің тарихында өзіндік терең із қалдырған тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан лайықты баға беру жолында көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тарихымыздың ақтандақ беттері ашыла түсуде.

Тарихтағы тұлғаның рөлі туралы мәселені қарастырар тұста Отан тарихының барысына, қазақ елінің Тәуелсіздікке жету жолында Абай мен қазақ зиялылары көп айтылады. Осы тұста қазақ зиялыларының қалыптасуы мен ұлттық идеяларының негізінде Абай жатқандығы белгілі.

Абай феномені – қазақ ұлтының өркениеттік болмысына айрықша әсер еткен құбылыстың ішіндегі ең маңыздысы деп айтсақ қателеспейміз. Абайдың ұлылығы мен оның ұлттың абызы ретінде кемеңгерлік тұлғасын тануға, тұлғалық болмысын тереңдей ұғынуға айтарлықтай үлес қосқан қазақ зиялылары екені белгілі. Қазақ зиялылары Абайды таныту мен дәріптеуде «Қазақ» газетін кеңінен пайдаланды. XX ғасырдың басында ең көп таралыммен тараған газеттің бетіндегі озық ойлы қазақ зиялыларының Абай жайлы айтылған келелі ой-тұжырымдары ұлтының ұлы рухани ұстаз туралы зерттеудің қалыптасуына жаңа жол ашты. Бүгінгі таңдағы абайтанудың жаңа белестерге көтерілуі қазақ зиялылары еңбегінің нәтижесі.

Алаштың көсемі Ә. Бөкейхан Абай тақырыбын қозғаған бірден-бір тұлға болып табылады. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» деген мақаласында Ә. Бөкейхан «Оның өлеңі – қазақ мақтанышы. Алашта рухани шығармашылықты мұншама асқақтатқан Абайға дейін ақын болған емес» [3, 5-43 б.] деп жаза отырып Абайды жаңа белеске көтереді. Бұл дегеніміз қазақ зиялыларының Абайдың шығармашылығынан өздеріне қажетті рухани күш алғанының дәлелі болып табылады. Қазақ зиялылары Абай өлеңдері мен Қара сөздеріндегі білім, оқу-ағарту, еңбек тақырыбынан өз көзқарастарына сәйкесетін идея, ой түйеді.

Бүгінгі таңдағы Абай мен Алаш тақырыптарын зерттеп жүрген ғалымдардың бірі Т.Жұртбай «...Абайдың «үміт еткен жасөспірім достары» ойланды және сол Абай аңдатқан рухани бостандықты ту етті де мұқым ұлттық мүддені «Алаш» деген ұранға біріктірді. ...Мұндай азаттық бостандыққа, рухани тәуелсіздікке ұшқын түсірген Абайдың ойлы сөзі еді. Азаттық жолына біржола түскен тұсында Әлихан Бөкейхан пен Ахмет Байтұрсынның, Мұхамеджан Тынышбаев пен Міржақып Дулатовтың, Сұлтанмахмұт пен Мағжанның Абайды терең зерттеуі соған дәлел. Демек, Абай қазақтың ұлттық рухын өлтірмей, өсер ұрпаққа тірі жеткізген елінің ұлы ұлтжанды тұлғасы» [4, 24 б.], - деп өз ойын түйген ғалым сөзінің астарында терең тарихтың парақтары жатқандығы айқын.

Қазақ үшін азаттық таңының алыс еместігіне сенді, осы жоғары мақсаттың іске асу жолында еңбек етті, ұлттық мүдде үшін құрбан болды. Қазақ зиялыларының әрқайсысы болашақ мемлекеттің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты. Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінен ғана емес, сонымен қатар Шығыс пен Батыстың мол қазыналарын сусындап, Абай шығармасының идеясын бағдар ретінде алған қазақ зиялыларыозық идеялы, терең мағыналы туындыларымен артынан бай мұра қалдырды. Абай дүниетанымын нысана ретінде алған зиялылар өзінің ұраны ретінде ұлттық мүддеге қызмет етуді бағдар етті. Абайдың, қазақ зиялыларының еңбегі, қызметі өшпес мұра, олардың шығармаларындағы ұлттық идея, рухани дүниетаным жастарымызды жарқын болашаққа бастайтын жол ретінде тарихи сабақтастығының негізінде жалғасын табатыны анық.

ҚР Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақалада ел Президенті қазіргі қоғам мәселелерін Хакім Абай ойларымен зерделейтінін атап өтті. Қ-Ж.К. Тоқаев қазақтың бас ақынының ойларын келтіріп қана қоймай, сонымен қатар қазіргі ХХІ ғасырдағы Қазақстан қандай және біздің іске асырып отырған қадамдарымыз қай бағытта болуы керек деген сауалдарға жауап береді. Абай идеялары қазіргі қазақ қоғамына қандай пайда әкеле алатынына талдау жасайды. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы

өткен ғасыр қазынасы Абай Құнанбайұлы шығармашылығы, оның ойларын қазіргі таңдағы қазақ халқына бейімдейді. Қ-Ж.К. Тоқаев Абай идеяларын керемет талдап, оның қазіргі және ертеңгі қазақ қоғамына деген пайдасын дұрыс түсінген. ҚР Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев «Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн» [5] дей келе бүгінгі қоғам мен жастардың Абайдан алатын өнегесі көп екені баса назар аударды. «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» [5].

Қазақтың дана тұлғасы Абай аудармаларының негізінде қазақ халқы орыс және батыс әдебиетімен танысу мүмкіндігіне ие болды. Қазақ интеллигенциясының қалыптасу үдерісі соңғы ғасырлар аралығында жеделдеді. Бұл үдеріс уақыты бойынша Ресей империясындағы азаттық қозғалыспен дәлме-дәл келді және соның ықпалы аясында болды. Соның әсерінен қазақ қоғамының рухани және саяси өмірінің оянуы, ұлттық сананың сезіле бастауымен көзге түсті.

Белгілі ғалымдар Б. Аяған, Х. Әбжанов пен Д. Махат қазақ интеллигенциясының қалыптасуы ұлттық сананың оянуының тікелей нәтижесі болды деген тұжырым жасайды. Дәл сол тарихи бетбұрыс кезеңінде интеллигенция арасынан топ жарып суырылып шыққан аса талантты ақындар, жазушылар, тарихшылар, жуналистер, заңгерлер, қоғам қайраткерлері біршама болды және олар қоғамдық сана-сезімнің, мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ зиялыларының басын қосқан бірден-бір идеология – қазақ ұлтының болашағы болды. Ұлт-азаттық қозғалысының асқар шегі – ХХ ғасыр басындағы Алаш зиялыларының қызметі. Негізгі бұқарасы қараңғы, сауатсыз қазақ тұрғындарын патша өкіметінің өктемдігі мен қанауынан қорғау идеясы бірте-бірте көбіне Ресей мен Еуропа оқу орындарында (Мәскеу, Петербург, Томск, Омбы, Варшава) оқитын немесе соларды бітірген жастар арасына тарай бастады. Қозғалыс атауы, есімі аңызға айналған қазақ ханы Алаша ханға байланысты аталды. «Қазақ» атауына балама саналатын «Алаш» ұлттық мақсат-мүдделерді қорғау жүйесінің негізгі құралы болып табылатын тәуелсіз қазақ мемлекеті туралы ел арманын танытады [6, 84-б.].

Осы реттен келгенде, Алаш мұратын өмір-тағдырымен біртұтас қараған, аз ғұмырында өшпес өнеге мен тағылымды туындылар қалдырған – қазақ зиялылары халық азаттығын тәуелсіздік идеясымен берік байланыстырып, оны елшіл-қоғамшыл қасиеттерімен, қайраткерлік-қаламгерлік қырларымен байытып, осы жолда елдік мүддеге адалдық танытты. Ортақ мақсатқа қызмет етті. Ұлт руханиятын қоғамдық һәм тарихи, әдеби-мәдени бағыттардағы еңбек-мұраларымен асқақтата түсті. Елдік мұрат-мүддеге қызмет ететін ерен еңбектері кешеден бүгінге жалғасып, замана шындықтарымен, уақыт талаптарымен үндесіп келеді.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың қазақ тарихын кезеңдестіруге «Отаршылдық бұғауында» атты тарихи белесіндегі: «ХІХ ғ. екінші жартысы – ХХ ғ. бірінші ширегінде Шоқан, Абай, Ыбырай озық елдер қатарынан қалыспауға, білімге шақырса, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсын, М. Дулат және т.б. Алаштың туын көтерген реформатор ұлдар ұлттың санасын оятты, елім деп еңіреді, халық деп қайысты, құрығы ұзын ақ патшамен де, билікке таласқан даукес большевиктермен де сайысты. Демократиялық күрес әдісімен саяси және мәдени автономия үшін күресті. Ғасыр басында «Көзіңді аш, оян, қа-зақ, көтер басты» [7]- деп басталатын М. Дулатовтың «Оян қазағы» күрес әліппесіне айналды.

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көз қарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары

өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады [5]. Абайдың шығармашылығында ұлттың болмысы, оның дүниетанымы, ұлттың жаны мен ділі, діні, рухы және басқа да қасиетті ұғымдар мен құбылыстар қарастырылып, бүгінгі ұлт қалыптасуының негізін құрап отыр. Абай мен бүгінгі қазақтың арасындағы «алтын көпір» ретінде алаш қайраткері, қазақ зиялылары екенін ескерген жөн. себебі алаш бұл ең алдымен ұлттық идея.

Халықты мәдени өркендеуге, өнер-білімді, ғылымды игеруге шақырған Абайдың идеяларынан, Абай заманынан бастау алса, жаңа ғасыр басындағы қоғамдық жағдайда сол озат идеялар жалғасын тауып, жаңаша мағына алып, ұлттық ояну, азаттық үшін күресу идеясы ұлттық ұранға айналған болатын.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» [8] дегені ұлт қайраткерлерінің еліне қорған бола білген азаматтық жауапкершілігінің үлгісін атадан балаға жалғастырған ұрпақтар сабақтастығының озық өнегесін сақтауды сезіндіргені.

Қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінің дамуына, бұрын-соңды болмаған жаңа сапаға көтерілуіне Абайдың еңбегі орасан зор. Абай шығармашылығы халқымыздың қоғамдық санасында ерекше сілкініс туғызып, рухани бетбұрыс жасады. Осыған орай ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларының үлкен шоғыры ұлттық мүддені ту етіп көтеріп, тарих сахнасына шығуы да кездейсоқ құбылыс емес еді. Қазақ зиялылары халықтың болашағы Абай нұсқаған сара жолда деп білді, соның ізімен жүруді мұрат етті.

Алаш арыстары өз бастамалары данышпан Абай дүниесімен тығыз байланысты. Абайдың рухани ұстанымы мен алаш зиялыларының ұлт мүддесі алдындағы ерен еңбегі бізге үлкен жауапкершілікті жүктейді. Бұл – ХХІ ғасырдағы ұлттың келбетін, оның бағыты мен бағдарын Абайдың мұрасы мен өнегесінің негізінде қалыптастыру болып табылады [10]. Абайдың да, алаштың да негізгі ұлттық идеясы бір. Ұлттық сананы қалыптастыру идеясын алға тарта отырып, қазақ халқының өркениетті мемлекеттер қатарынан көрінуі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
2. Озғанбай Ө. Тарихи тұлғалар тағылымы. – Астана: Фолиант, 2016. -440 б.
3. Бөкейхан Ө. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 437 б.
4. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің. – Алматы: Санат, 2001. – 408 б.
5. Қ-Ж.К.Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. - 2020. - 9 қаңтар.-№5 (29734). – 1-3-бб.
6. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет, 2010. -448 б.
7. Қозыбаев М.Қ. Ата тарихы туралы сыр (қазақ халқының тағдыры хақында). // Егемен Қазақстан. – 1992. 3 қазан. - № 228-229. - 6 б.
8. Мырзахметов М. Абайға ұлттық, шығыстық таныммен қарасаңыз ғана жақындайсыз. / Аңыз адам. Абай Құнанбайұлы. - № 5. – 2010 ж. – 23-б.
9. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 1998. 16 желтоқсан
10. Уәли Б. Абай мен Алаш / https://www.inform.kz/kz/berik-uuli-abay-men-alash_a3605376 (Kazinform халықаралық ақпарат агенттігі ресми сайты) (қарау күні 3.10.2020)